

Бекітемін
№9 «Бәйтерек» бөбекжайының
жедел басқару құқығындағы
МҚКК директоры
Титанова М. У
2021ж



№9 «Бәйтерек» бөбекжайы «Күншуақ» кіші тобының

Ата-аналар хатмасы жоспары.

Мақсаты: Ата – аналардың педагогикалық және психологиялық сауаттылығын жетілдіру, оқыту бағдарламаларын меңгерту, алдағы міндеттерді ата-аналармен бірге шешу.

№	Атқарылатын жұмыстар	Уақыты	Жауапты
1	№1 ата-аналар жиналысы: 1. Карантин режиміне байланысты бөбекжайының жұмыс тәртібімен таныстыру. Онлайн. Балалардың қашықтықтан оқуға қатысын қадағалау. 2. Ата-аналар комитетін сайлау. 3. Әртүрлі мәселелер	Қыркүйек	Тәрбиешілер: Бурхаева Ж. Кайырова Ж Медбике.
2	№2 ата-аналар жиналысы: 1. Кезекші топ балаларының ата-аналарына санитарлық талаптардың сақталуы туралы түсінік жұмыстарын жүргізу. 2. Әртүрлі мәселелер	Қаңтар	Тәрбиешілер: Бурхаева Ж. Кайырова Ж Медбике
3	№3 ата-аналар жиналысы: 1. Қорытынды. Оқу жыл мезгілінің аяқталуы. Ата-ана комитетінің жылдық есебі. Әртүрлі мәселелер	Мамыр	Тәрбиешілер: Бурхаева Ж. Кайырова Ж Әдіскер: Шангреева Айнұр.

№ 9 «Бәйтерек» бөбекжайының «Күншуақ» тобының ата-аналар жиналысы
09.09.2021ж

№ 1 Хаттамасы

Ата – аналар жиналыс онлайн түрінде өткізілді.

Қатысқандар : бөбекжай тәрбиешілері, Бурхаева Ж . Кайырова Ж
ата – аналар. 15

Күн тәртібінде

1. Қазіргі таңдағы әлемде болып жатқан пандемияға байланысты бөбекжайындағы жұмыс барысының өзгерістері. Қауіпсіздік ережелері, санитарно-эпидемиялогиялық іс шаралар жоспарымен таныстыру.
2. Кезекші топтың және қашықтықтан оқыту туралы түсініктеме берілсін.
3. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Эпидемиялогиялық талаптарға байланысты ата-аналар жиналысы онлайн режимінде өткізілді. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі Бурхаева Ж. балабақшадағы жұмыс барысының өзгерістері туралы мәлімет берді. Қауіпсіздік ережелері қатаң сақтап, балабақшада кезекші топты ашу үшін санитарно-эпидемиялогиялық талаптарды қатаң ұстау керектігін, шаралар уақтылы өткізуі бойынша түсіндірілді. Екінші мәселе де қаралған бөбекжайда кезекші топтарды және қашықтықтан оқыту бойынша түсініктеме берді.

Ата-аналарға Коронавирус инфекциясының алдын алу шаралары және алгоритімі туралы ақпарат берілді. Балалардың денсаулығын қадағалау мақсатында ата-аналармен тығыз байланыста болу, талаптарды қатаң сақтау талап етілді.

Шешім:

1. Ата-аналармен балалар қауіпсіздік ережелері, санитарно-эпидемиялогиялық іс-шаралды талаптарын қатаң сақтансын.
2. Кезекші топқа келетін балалардың өтініштері берілсін.
3. Қашықтықтан оқыту кезеңінде ватсап желісі арқылы оқу қызметтері бойынша кері байланыс жасалсын.
4. Төрайымы: Бекшеева Айсалем
5. Хатшы: Кайырова Ж.Д.

**№ 9 «Бәйтерек» бөбекжайы «Күншуақ» кіші тобының ата-аналар жиналысы
№ 2 Хаттамасы**

13.01.2022ж

Қатысқандар :

Топ тәрбиешілері: Бурхаева Ж .
Кайырова Ж

Медбике:

Смагулова Ж. Т

Ата- аналар: 11

Барлығы: 15

Күн тәртібінде:

- 1.Кезекші топ балаларының ата- аналарына санитарлық талаптардың сақталуы туралы түснiк жұмыстарын жүргiзу
- 2.Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

Бiрiншi мәселе бойынша онлайн WHATSAPP желiсi арқылы бөбекжай медбике Смагулова Жапырақ кезекшi топ балаларының ата- аналарына санитарлық талаптардың сақталуы туралы түснiк жұмыстарын жүргiздi. Бетперде тағып жүру мiндеттелдi, артық екi бетперде берiп жiберу туралы айтылды. Қолды жиi жуып, антисептик шашу, тазалық сақтау.

Әртүрлі мәселелер бойынша топ тәрбиешiсi Бурхаева Ж. сөз алды. Жиналысқа қатысушы ата- аналармен өздерiн таныстырып, осы топтың тәрбиешiлерi болатынын айтты. «Карантин iндетiне байланысты жадыннамамен таныстыру, Пандемиялық жағдайға байланысты жалған ақпарат таратудан сақ болу» туралы кеңестер берiлдi, слайдпен көрсетiлiп өттi, топ тәрбиешiсi ата- аналарға баламен сөйлескенде қандай көнiл күйде тұрса да эмоциясын тежеп, сабырлы болу керектiгiн айтты.

Жарыс сөз:

Ата- ана: Айымбаева Айсәнем сөз алды. Сiздер шақырсаңыздар бiздер келiп немесе онлайн режимiнде қолымыздан келгенiнше қол ұшын беруге дайынбыз. Бұл ойларыңыз дұрыс екен,- дедi. Осылай әр ата- ана өз пiкiрлерiн айтты

Шешiм:

1. Медбике Смагулова Жапырақ кезекшi топ балаларының ата- аналарына санитарлық талаптардың сақталуы туралы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Карантин iндетiне байланысты жадыннамамен таныстыру, баланың өмiрi мен денсаулығын нығайту жұмыстары күшiне енсiн.

3. Төрайымы: Бекшеева Айсалем
4. Хатшы: Кайырова Ж.Д.

№ 9 «Бәйтерек» бөбекжайы «Күншуақ» кіші тобының ата-аналар жиналысы
Хаттама №3

25.05. 2022ж

Қатысқандар:

Әдіскер: Шангреева Айнұр

Топ тәрбиешілері: Бурхаева Ж.
Кайырова Ж.

Ата- аналар: 17

Барлығы: 25

Күн тәртібінде:

1. Қорытынды. Оқу жыл мезгілінің аяқталуы, Ата- аналар комитетінің жылдық есебі.
- 2.Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша: Ата- ана комитеті Жанат Берікбаева өзінің жылдық есебін берді. Ата- аналардың жыл бойына балабақшада өткен іс- шараларға белсене қатысып, балаларды дайындап, балабақшамен тығыз байланыста болғанын мақтанышпен айтты. Барлық ата-аналарға алғысын білдірді.

Тәрбиеші: Бурхаева Ж. тәрбиешілермен ата- аналар арасында өзара қарым-қатынасын жақсарту, ұйымшылдыққа, достыққа, сыйластыққа баулу. Бір- біріне жылы лебіздерін білдіру мақсатында, сонымен қатар ата- аналарды балабақша аясында өткен іс- шаралармен таныстыру. Бөбекжай аясы мен бөбекжайда атқарылатын іс- шараларға тоқталды. Жыл бойындағы алған жетістіктермен жеңістері туралы жаңалығымен бөлісті.

Әртүрлі мәселе бойынша: тәрбиеші Бурхаева Ж. Жазғы сауықтыру шараларының жұмыс жоспарымен таныстырды. Жазда балалар мектеп секілді демалысқа шықпайды. Сондықтан балабақшада түрлі қызықты көріністер, ертегілер, ойындар, сахналық қойылымдар серуендерді тәрбиешілер алдын ала жоспарлап қояды. Сол жоспар бойынша іс- шаралардың орындалуын мен қадағалап отырамын. Асфальт бетіне сурет салу сайысы да ұйымдастырылады. Бассейнге суды толтырып балаларды шомылдырамыз. Мен өзім де балалармен бірге ойнап, бірге күліп қалай бала болып кететінімді де байқамай қаламын. Бәріміз

жаз айында асыр салып, ойынмен өткіземіз. Жаз мезгілінде күн ыстық болатынын білесіздер, сол себепті балаларды бас киіммен келуі қадағаланса.

Жарыс сөз:

Әдіскер: Шангреева Айнұр өз сөзінде ата- аналарға, топ тәрбиешісіне жұмысына шығармашылық табыс тілеп алғысын білдірді. Биылғы оқу жылы керемет қызықты, жемісті, жеңісті болғанын айтты. Келесі оқу жылында бұданда жақсы жағалық күтетінін айтты. Алдағы уақыттада бөбекжайдың гүлденуіне, өркендеуіне барлығымыз бірауыздан үлестерін қоса берейік деп үлкен сеніммен айтты.

Ата- ана Бекшеева Айсалем өз сөзінде топ тәрбиешілеріне және балабақша ұжымына ата- аналар атынан алғысын білдірді.

Шешім:

1. Жаз мезгіліндегі іс- шаралар жоспарлы түрде жүргізілсін.
2. Карантин індетіне байланысты жадыннамамен таныстыру, баланың өмірі мен денсаулығын нығайту жұмыстары күшіне енсін.

Төрайымы: Бекшеева Айсалем

Хатшы: Кайырова Ж.Д.